№2 (458)
26 ақпан
2021 жыл

# Zhubanov University

Облыстық ақпараттық-танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

# Жағымды эмоциялар мен ЖАРҚЫН ЖЕҢІСТЕР




Тұрар Тәңірбергенов
Zhubanov University «Металлургия» мамандығының 4 -курс студенті
«Үздік студент» төсбелгісінің иегері
«Zhubanov League» студенттік футбол клубының төрағасы
Лига ойындарының бас төрешісі

4-5 бб

## Осы санда



НА ВЕРШИНЕ СОТРУДНИЧЕСТВА
8-9 стр



ӨМІРІМ МЕНІҢ ЖАЙДАРЫ
12-13 бб



ҚАЛАМПЫРДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ
16-б

## Басты жаңалықтар · Главные новости · Main news

# БІЛІМ МИНИСТРІ ДЕБАТ ҚОЗҒАЛЫСЫН ЖАНДАНДЫРУҒА БАСТАМА КӨТЕРДІ

Дебат тек зияткерлік ойын емес, ол – сыни ойлау дағдыларын қалыптастырып, ақпаратты дұрыс талдауға, командамен бірлесіп жұмыс істеуге, сұрақ қойып, оларға нақты жауап беруге үйрететін білім беру технологиясы. Осылай деп баяндаған ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов «Бұл жүйе оқушыларға басқарудың не екенін түсінуге, олардың саяси және құқықтық мәдениетін арттыруға мүмкіндік береді. Балаларға жауапкершілік жүктеп, өз бетінше әрекет етуге жағдай жасайды», — деп атап өтті. Өз ұстанымын көпшілікке нақты аргументтер арқылы жеткізіп, халық ықыласына бөленіп жүрген министрдің өзі де кезінде жеке көзқарасын дәлелді түрде қорғай алатын мықты мінезін дебат ойындарына белсенді қатысып жүріп қалыптастырған.

Мұндай тәжірибе жастарға күнделікті ақпарат ағынын сыни қабылдауға да көмектеседі. Балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасай отырып, өздерінің әлеуметтік байланыстары мен бір-біріне деген сенімін нығайтады», — деп жалғастырды А.Аймағамбетов.

Елдегі мектептерде, колледждер мен университеттерде дебат қозғалысы қайта жанғырып, білім алушылардың жан-жақты дамуына барынша мүмкіндік жасалынбақ. Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы арнайы әдістемелік нұсқаулық әзірлеп шығарды. Соның негізінде еліміздегі мектептерде өзін-өзі басқару технологиялары да енгізіледі.

Алдағы уақытта өзін-өзі басқару үрдісі де дебат ойындары сияқты мектептердегі, колледждер мен жоғары оқу орындарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналмақ.

Қазақстанның батыс аймағындағы дебат қозғалысының орталығы — Zhubanov University университеті деген ойда жас оқытушы, республикалық деңгейдегі дебат турнирлерінің бірнеше дүркін чемпионы, бас төреші Райбек Сағадатов. Министр Асхат Аймағамбетовтің бастамасын ол қуана қолдап, университетте «Ритор" зияткерлік пікірсайыс клубы, «Заман біздікі» интеллектуалды элиталар одағы, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарында студенттік дебат форматы саналатын Америкалық парламенттік формат, Британдық парламенттік формат, Линкольн-Дуглас, Президенттік форматтың барлығы толық игерілгенін, осы ұйымдардан 500-ге жуық көшбасшылар қалыптасып шыққанын айтады.

Пікірсайысшының нағыз даму алаңына айналған дәстүрлі Zhubanov CUP республикалық пікірсайыс турнирі пандемиялық шектеулер кезінде де жұмысын тоқтатпай, online форматта жалғасып, 24 оқу орнынан 32 фракция, сәйкесінше 64 спикердің басын қосыпты. Тәжірибелі дебатер Р.Сағадатов студентті қоғамда толық әлеуметтендіруде және оның бойында еңбек нарығына қажет икемді дағдылар қалыптастыруда дебат ойындарының маңызы зор дейді.



# МИНИСТР ОБРАЗОВАНИЯ ИНИЦИИРОВАЛ ВОЗРАЖДЕНИЕ ДЕБАТНОГО ДВИЖЕНИЯ

Дебаты - это не просто интеллектуальная игра, это образовательная технология, которая развивает навыки критического мышления, правильного анализа информации, работы в команде, учит задавать вопросы и давать четкие ответы. «Эта система позволит учащимся понять, что такое управление, повысит их политическую и правовую культуру. Так как игра возлагает на их участников ответственность, дети научатся действовать независимо», - сказал министр образования и науки Республики Казахстан Асхат Аймагамбетов.

Сам министр, известный в общественных кругах как сильный спикер, совершенствовал способность отстаивать свои личные взгляды посредством конкретных аргументов, активно участвуя в дебатных играх. «Этот опыт также помогает молодым людям критически относиться к ежедневному потоку информации. Взаимодействуя друг с другом, дети укрепляют социальные связи и доверие друг к другу», - продолжил А. Аймагамбетов.

Дебатное движение возродится в школах, колледжах и университетах страны, что предоставит максимум возможностей для полноценного развития учащихся. Национальная академия образования имени Ибрая Алтынсарина разработала специальное руководство. На их основе в школах страны будут внедрены технологии самоуправления. В будущем процесс самоуправления, как и игры в дебаты, станет неотъемлемой частью воспитательной работы в школах, колледжах и университетах.

Центром дебатного движения в западных регионах Казахстана является Zhubanov University, уверен молодой преподаватель, многократный чемпион турниров по дебатам на национальном уровне, главный судья Райбек Сагадатов. Он с радостью поддержал инициативу министра Асхата Аймагамбетова. Более 500 лидеров из дебатного интеллектуального клуба «Ритор», союза интеллектуальной элиты «Заман Біздікі» владеют всеми технологиями студенческих дебатных форматов. Это Американский парламентский формат, Британский парламентский формат, Линкольн-Дуглас, Президентский формат.

Традиционный республиканский турнир по дебатам Zhubanov CUP, ставший настоящей площадкой для развития дебатеров, продолжил свою работу даже во время карантинных ограничений. В режиме online состязание собрало 32 фракции из 24 вузов - это 64 спикера. Опытный дебатер Р. Сагадатов говорит, что дебатные игры играют важную роль в полноценной социализации студентов в обществе и формировании гибких навыков, необходимых для рынка труда.

# EDUCATION MINISTER INITIATED REVIVAL OF THE DEBATE MOVEMENT

Debate is not just an intellectual game, it is an educational technology that develops the skills of critical thinking, correct analysis of information, teamwork, teaches how to ask questions and give clear answers. "This system will allow students to understand what governance is, and will enhance their political and legal culture. Since the game imposes responsibility on their participants, children will learn to act independently, "said Askhat Aimagambetov, Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

The minister himself, known in public circles as a strong speaker, has improved the ability to defend his personal views through concrete arguments by actively participating in debate games. "This experience also helps young people to be critical of the daily flow of information. By interacting with each other, children strengthen social ties and trust in each other, "continued A. Aimagambetov.

The debate movement will revive in schools, colleges and universities in the country, which will provide maximum opportunities for the full development of students. The National Academy of Education named after Ibrai Altynsarin has developed a special guide. On their basis, self-government technologies will be introduced in the country's schools. In the future, the process of self-government, like games of debate, will become an integral part of educational work in schools, colleges and universities.

The center of the debate movement in the western regions of Kazakhstan is Zhubanov University, sure a young teacher, multiple champion of debate tournaments at the national level, chief judge Raibek Sagadatov. He gladly supported the initiative of the Minister Askhat Aimagambetov. More than 500 leaders from the intellectual debate club «Ritor», the union of the intellectual elite «Zaman Bizdiki» own all the technologies of student debate formats. These are the American parliamentary format, the British parliamentary format, Lincoln-Douglas, the Presidential format.

The traditional republican tournament for debating Zhubanov CUP, which became a real platform for the development of debaters, continued its work even during the quarantine restrictions. The online competition brought together 32 factions from 24 universities - these are 64 speakers. Experienced debater R.Sagadatov says that debate games play an important role in the full socialization of students in society and the formation of flexible skills necessary for the labor market.

## ☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news




### АБАЙДЫҢ ШӘКІРТТЕРІ

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев шәкірт те тәрбиелеген. Одан ақындық тәлім алғысы келетін талантты жастар жан-жақтан ағылып, арнайы Абай ауылына келіп, айлап жататын болған. Ғалым Қайым Мұхамедханов Мұхтар Әуезовтің басшылығымен 12 жылдан астам уақыт бойы Абай шәкірттерінің мектебін зерттеп, олардың шығармаларының канондық мәтіндерін сақтаған.

1930 жылдардың аяғында көптеген атаулар ұмытылды, шығармалар мәңгілікке жоғалып кетуі мүмкін еді. Абай мен оның айналасындағылардың өмірінің куәгері болған қариялар азайды. Сондықтан М.Әуезов 22 жастағы Қайымға Абай шәкірттері тақырыбын зерттеу тапсырмасын береді. 1951 жылы 7 сәуірде тарихи диссертация қорғалып, титаникалық зор жұмыс орындалады. Диссертациялық еңбек нәтижесінде шыққан «Абай шәкірттері» кітабына биыл 70 жыл толып отыр. Бұл туралы ғалымның қызы, «Қайым Мұхамедханов атындағы білім және мәдениет орталығы» қоғамдық қорының директоры Дина Мұхамедхан өзінің Facebook парақшасында жазды. «1938 жылдан 1951 жылға дейін ғалым барлық атауларды орнықтырды, олардың өмірі мен шығармашылығының куәгерлерінен деректер жинап, өмірбаяндарын жазды.

Ең бастысы, Қайым Мұхамедханов барлық шығармаларды сақталған бөліктерден, үзінділерден қалпына келтірді. Ол мұны ғылыми мәтіндік талдау әдісін қолдана отырып жасады.

1951 жылы академик М.Сильченко Қайым қалпына келтірген осы мәтіндердің арқасында ғана Абай мектебі туралы айтуға болатынын ерекше атап өтті. Сталиндік режимнің идеологтары Абай мектебін мойындамады. 1951 жылы кітаптың сигналдық көшірмесі жарық көрді. Диссертация қорғағаннан кейін М.Әуезов пен Қ.Мұхамедхановтың қуғын-сүргіні басталып, кітаптың таралымы баспаханада жойылды» деген Дина Қайымқызы өз жазбасында. Абайдан қалған мұраның құндысының бірі оның шәкірттерінің шығармашылығы, Абай мектебі. Бұл әлем мәдениетінде болатын сирек құбылыс.



### УЧЕНИКИ АБАЯ

Великий поэт казахского народа Абай Кунанбаев готовил преемников. Талантливая молодежь, которая хотела учиться у него писать стихи, съезжалась с разных уголков страны в село Абай и оставалась там на несколько месяцев. Ученый Каим Мухамедханов под руководством Мухтара Ауэзова более 12 лет изучал школу учеников Абая и сохранил канонические тексты произведений его учеников.

В конце 30-х годов прошлого века многие имена были забыты, произведения могли быть потеряны навсегда, свидетелей жизни Абая и его окружения становилось меньше. Поэтому М. Ауэзов поручил 22-летнему Кайюму изучить тему учеников Абая. 7 апреля 1951 года была защищена диссертация и проделана огромная титаническая работа. В этом году исполняется 70 лет книге «Ученики Абая», изданной по результатам диссертации. Об этом на своей странице в Facebook написала дочь ученого, директор Центра образования и культуры имени Кайюма Мухамедханова Дина Мухамедхан. «С 1938 по 1951 год ученый установил все имена, собрал данные очевидцев их жизни и написал биографии. А главное, Кайюм Мухамедханов восстановил все работы по сохранившимся частям и фрагментам. Он сделал это, используя метод научного анализа текста. В 1951 году академик М. Сильченко подчеркнул, что только благодаря текстам, восстановленным Кайюмом, можно говорить о школе Абая. Идеологи сталинского режима не признавали школу Абая. В 1951 году был издан сигнальный экземпляр книги. После защиты диссертации началось преследование М.Ауэзова и К.Мухамедханова, и тираж книги в типографии был уничтожен», - написала Дина Кайюмовна. Одна из ценностей наследия Абая - работа его учеников, школа Абая. Это редкое явление в мировой культуре.

### ABAI'S STUDENTS

The great poet of the Kazakh people, Abai Kunanbayev, trained his successors. Talented young people who wanted to learn to write poetry from him came from different parts of the country to the village of Abai and stayed there for several months. Scientist Kaim Mukhamedkhanov, under the leadership of Mukhtar Auezov, studied the school of Abai's students for more than 12 years and preserved the canonical texts of the works of his students.

At the end of the 30s of the last century, many names were forgotten, works could be lost forever, there were fewer witnesses to the life of Abai and his entourage. Therefore, M. Auezov instructed 22-year-old Kayum to study the topic of Abai's students. On April 7, 1951, a dissertation was defended and a huge titanic work was done. This year marks the 70th anniversary of the book «Abai's Pupils», published based on the results of the dissertation. Dina Mukhamedkhan, the daughter of a scientist, director of the Kayum Mukhamedkhanov Center for Education and Culture, wrote about this on her Facebook page. "From 1938 to 1951, the scientist established all the names, collected data from eyewitnesses of their lives and wrote biographies. And most importantly, Kayyum Mukhamedkhanov restored all the work on the surviving parts and fragments. He did this using the method of scientific analysis of the text. In 1951, Academician M. Silchenko stressed that only thanks to the texts restored by Kayyum, one can talk about Abai's school. The ideologists of the Stalinist regime did not recognize Abai's school. In 1951, a signal copy of the book was published. After the defense of the dissertation, the persecution of M. Auezov and K.Mukhamedkhanov began, and the circulation of the book in the printing house was destroyed, "wrote Dina Kayumovna. One of the values of Abai's heritage is the work of his students, Abai's school. This is a rare phenomenon in world culture.

## Person of the month




**Zhubanov University университетіндегі футбол клубы 2018 жылы құрылды. Содан бері оның құрамы 150-ден астам студентке (15 команда) толықты. Жуырда «Zhubanov League 2020» студенттер лигасы аяқталып, спорттық шара қорытындысында техникалық факультетінің студенті Ербазы Қуанышбек«Үздік ойыншы», кәсіби-шығармашылық факультетінің студенті Диас Андырмаш «Үздік бомбардир» және экономика және құқық факультетінің студенті Алмат Темірұлы «Үздік қақпашы» атанды.**

**Ал жалпы ойын нәтижесінде I-орынды техникалық факультетінің «ATHLETIC» командасы, II-орынды кәсіби-шығармашылық факультетінің «Grand PTF» командасы, III-орынды кәсіби-шығармашылық факультетінің екінші командасы — PTF «EMPIRE» иеленді. Жеңімпаздарға ақшалай сыйлық сертификаттары тапсырылды. Zhubanov University Басқарма төрағасы-ректоры м.а. Рахым Бекназаров Лига қатысушыларын спорт мерекесімен құттықтап, ұйымдастырушыларды Алғыс хатпен марапаттады. ЖОО басшысы алғысына лайық болған жастың бірі – «Zhubanov League» студенттік футбол клубының төрағасы, лигалық ойынның бас төрешісі Тұрар Тәңірбергенов. Футболшы-студент техникалық факультеттің «Металлургия» мамандығын биыл тәмамдайды.**

**Ай адамымен әңгімелескен журналист Гүлнара Қараша.**

# Жағымды эмоциялар мен

**— Футболға қызықпайтын ер бала жоқ шығар. Дегенмен футболды не үшін жақсы көресіз?**

— Футбол жағымды эмоциялар мен жарқын жеңістер сыйлайды! Ол сондай-ақ логикалық ойлау жүйесін дамытуға таптырмас тәсіл, футбол бұл — жоғары жауапкершілік. Ойыншы мен көрерменді жақындастыратын сөзсіз байланыс. Бұл ойын миллиондаған адамның жүрегін жаулаған сұранысқа ие спорт түрі.

Алғаш рет футбол үйірмесіне келгенде 7-8 жас шамасында едім. Анам жетелеп әкелді. Оған дейін мектеп ауласындағы алаңда күн-түн демей футбол ойнайтынбыз. Сөйтіп, достарым өздері қатысып жүрген «СК Ферро» шағын футбол үйірмесіне шақырды. Кейін оған мен өз сыныптастарымды апардым.

Ол кезде «ТНК КАЗХРОМ» жасөспірімдер командасының құрамында болатынмын. Бапкеріміз Прохницкий Андрей Иванович тәлімгерлік етті.

Осы командамен жасөспірімдер арасында Қазақстанның жүлдегері және облыс чемпионы болдық. Әрбір жетістік келешекке үміт пен жігер сыйлайтын. Футбол ойнап жүріп ұжымдық жұмыс пен жауапкершілікті сезініп үйрендім.

Мектеп бітірген уақытта оқуға көңіл бөліп, үлкен өмірге нақты қадам жасау керек болды.

Zhubanov University өңірлік университетіне оқуға түстім. Басында спорт жағы сәл бәсеңдеп қалды. Дегенмен, кішкентайдан жаным ажырамаған футболды тастап кету қиын болды. Негізінен, оқуға түспес бұрын, кәсіби-шығармашылық факультетінің «Дене шынықтыру және спорт» мамандығына түсуді жоспарлағанмын.

Алайда, техникалық факультеттің «Металлургия» мамандығының гранты бұйырды. Ең қуаныштысы тілегенім алдымнан табылды. Университет қабырғасында футболға ерекше көңіл бөлінеді.

Футбол ойнауға барлық жағдайлар бар, атап айтсам, жаттығу жасайтын және жарыс өткізетін спорт залдары және шағын футбол алаңы әрқашан құзырымызда. 2014



# ЖАРҚЫН ЖЕҢІСТЕР




жылы Қостанай қаласында еліміздің университеттері арасында өткен чемпионатта АӨУ-нің түлектері чемпион атанған. Осы жеңістің арқасында 2018 жылы экономика және құқық факультетінің 4-курс студенті Кенжиғалиев Алихан өз идеясын университет басшыларына ұсынып, Лиганы жүзеге асырды. Сол жылы, бірінші маусымда 10 команда қатысып, шамамен 100-ден астам студент ойнаған.

100 студент арасында мен де болдым. Бірінші маусымда факультетіміздің атынан қатысып, жүлделі 2-орын алдық және 8 ойында 32 гол салып, «Үздік бомбардир» номинациясында жеңімпаз атандым.

Алихан сол кездегі ынтамды, қызығушылығымды байқаса керек, оқуын тәмамдаған уақытта, Лига төрағасы міндетін маған табыстап кетті.

Бұл міндетті абыроймен атқару үшін бар күшімді салдым. Екінші маусымнан бастап, лига ойындарын ұйымдастырып келемін.

Лига ұйымдастырушылары болып, қайырымдылық турнирлер, факультет ішінде мамандықаралық турнирлер өткіздік.

Жұмсалған күш үшін еш өкінбеймін. Себебі, лига арқылы жақсы жандармен танысып, ортам толды. Көптеген достар, жанашыр жандар таптым. 2020 жылы «Үздік студент» төсбелгісімен марапатталдым. Оқтың жылдамдығындай бірден көмектесуге әзір, керемет, ауызбіршілікте бірге жұмыс жасаған ұйымдастырушыларды, атап айтсам: Кумаров Али, Калмагамбетова Алина, Сағат Сымбат, оларға ерекше алғысымды білдіремін. Егерде осы көмекшілерім қасымда болмағанда мен жетістіктерге жетпейтін едім. Және де лиганың дамуына қамқор болған, әрдайым қолдау көрсеткен университет басшылығына, соның ішінде бұрынғы ректор Бауыржан Ердембековке шексіз рақмет!

**— Университетте футбол ойнауға барлық жағдай бар ма? Қанша студент шұғылданады?**

— Университетте футбол ойнауға бар жағдай жасалған деп жоғарыда айтып өттім. Қазіргі таңда лигада 150ден астам студенттер өнер көрсетіп жүр.

Ойнағысы келетін студенттер өте көп, келесі жылдары екі топтық жүйеде яғни А-В лигасы ретінде жасау ойымызға келіп отыр.

Шамамен 1 ай шамасында университетімізде ZHUBANOV LEAGUE-ның үшінші маусымының марапаттау рәсімінде жеңімпаздарды және үздік ойыншыларды Басқарма төрағасы-ректордың міндетін атқарушы Рахым Бекназаров марапаттап, ақшалай сыйақы табыстады.

Алдағы жылы оқуды бітіремін. Лиганы ұйымдастыруды өзімнен кейінгілерге табыстайтын уақыт келді. Университеттің 85 жылдығына орай, қыркүйек айында 1-курс студенттері арасында турнир өткізген болатынбыз. Футболға деген икемділігімен көп бала көзге түсті.

Дегенмен ұйымдастырушылармен ақылдасып, осы міндетті экономика және құқық факультетінің 1-курс студенті Клишкарин Даулетке табыстайтын боп шештік. Даулеттің мінезі ашық, адамгершілігі мол, кішіпейіл, ізденімпаз, іске тындырымды. Тіл байлығы, сөздік қоры жақсы. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете біледі. Кез келген адаммен тіл табысып кете алады. Даулет жаңа маусымға жаңа командамен жұмыс бастағалы жатыр. Үлкен сенім артып, сәттілік тілеймін!

**— Футболға күніне қанша уақыт арнайсыздар? Себебі спорттағы жетістік жүйелі дайындыққа қатысты ғой..**

— Әр спорттың өзінің жаттығу жасайтын нормасы болады, шамамен 1:30-2 сағаттай. Өйткені барлық спортта жаттығуды 2 сағаттан артық жасаған жағдайда жүрекке ауырлық түсіп кетуі мүмкін. Сол себепті жаттығу уақыты 2 сағат шамасында өтеді.

Бірақ жаттығу барысында күнделікті бір дағдыны қайталай бермейміз. Физикалық жаттығулар, позициялық жаттығулар, тактикалық шабуылдар деген сияқты түрлі дайындықтар жасаймыз.

Жаттығу жасалмаса әрине, ешқашан жеңіс болмас еді, сондай-ақ тұтас командалық ойын шықпайды. Сол себепті жаттығуға қатты көңіл бөлеміз.

**— Университтен шыңдалып, белгілі командаларда ойнап жүрген футболшылар бар ма?**

— Иә, өте көп. Университет түлектері және қазіргі оқып жатқан студенттердің арасында да профессионал ойыншылар бар. Солардың ішінде 1-2 танымал университет түлектеріне тоқталып кетейін.

Қазіргі таңда Ресейде өнер көрсетіп жүрген, елімізге есімі таныс футболшы, Қазақстан құрамасының шабуылшысы Айымбетов Абатты атауға болады. Ол кәсіби-шығармашылық факультетін 2017 жылы бітірген.

Келесі университет түлегі Кульбаев Асхат «ШФК АКТОБЕ» командасының ойыншысы. Чемпиондар лигасында өнер көрсетіп, Ақтөбенің намысын қорғап жүр. Асхат техникалық факультетін 2016 жылы аяқтаған.

Біздің лигада да өте талантты, кәсіби ойыншылар бар. Атап өтсем, Кушербаев Нұрсат «ШФК Актобе» ойыншысы, Андырмаш Диас, Алдонгаров Алтынбек, Мусабаев Бекзат «Ақтөбе-Жас» командасының ойыншылары. Біздің лигамыздың арқасында танымал болған, «MFC Rakhmet» командасының ойыншысы Бақтияров Нұрқанат.

**— Енді меңгеріп жатқан кәсібіңіз жайлы айтсаңыз?**

— Әр бастамаға себепші жандар болады. Осы мамандыққа түсуіме кеңес берген, жаңа есімін атап өткен бапкерім — Андрей Иванович. Өмірімде осындай жандардың барына ризамын. Жалпы, металлургия Қазақстан экономикасының ажырамас бөлшегі, бәсекеге қабілетті сала деп есептеймін. Осы кәсіпті игеруді ниет еткенім үшін еш өкінбеймін.

Төрт жылымның қалай тез өткенін аңғармай қалыппын. Осы уақыт аралығында маған барынша қолдау білдірген кураторым Мұхамбетқалиев Азамат Болатұлына айтар алғысым ұшан теңіз. Алдына келген студенттің бетін қақпай, көмектесіп, демеп жүреді. Бірге оқыған группаластарымды да атап өтпеске болмас. Мен үшін әрбірінің орны бір төбе. Жақсы дос бола білдік. Қызығушылықтарымыз әртүрлі болса да, бірге дами алдық, әңгімеміз жарасты, жақсы қарым-қатынастамыз.

Көп нәрсені армандаймын, мақсат етемін. Дегенмен, «Мақсатыңа жетпейінше дос пен дұшпанға сыр берме» деген Бауыржан Момышұлының ұрпағымыз. Бұлай дейтінім, бастаудан, жасап көруден немесе сәтсіздіктен қорыққанымнан емес. Ойша мақсатқа жету сөзбен жеткеннен мың есе қымбат. Себебі мақсатыңды жариялап қойсаң, оған жету сын, жете алмау ауыр тиеді. Ал ешкімге айтылмаған мақсат өзіне уақытымен, ақырындап, жоспар бойынша жеткізеді.

**— Футболдан өзге не қызықтырады?**

— Уақыттың қаншалықты бағалы екенін білемін. Сондықтан бос уақытымды мейлінше пайдалы іске жұмсаймын. Футболдан бөлек, фотосуреттер түсіріп, өңдеуді ұнатамын.

Алғашында, хоббиім болатын, қазір қосымша табыс көзіне айналды.

Фото — жағымды сәттердің естелігі. Көп жағдайда адам куанышты, бақытты шағын таспаға түсіреді. Суретке қарап, сол кезеңге қайта оралғандай тәтті күй кешеді. Фотографтар үшін адамдардың күлімдеген қуанышты жүзі маңызды. Ал қуаныш сыйлау өте ләззатты сезім. Бұл маған ұнайды.

**— Тамаша! Ендеше алдағы жоспарларыңызға сәттілік тілеймін, Тұрар!**

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news



## ҚАЙЫРЫМДЫ ІСТЕР МАРАФОНЫ БАСТАЛДЫ

Ақтөбе облысында «Қайырымды істер» марафоны басталды. Марафон ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналып отыр. Шараның шымылдығын ашқан аймақ басшысы Оңдасын Оразалин «Қайырымды істер марафонына азаматтық сектор мен бизнес-қауымдастық өкілдерінің, мемлекеттік органдар мен барша белсенді азаматтардың қатысуы өте маңызды. Әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуде мемлекет – қоғам – бизнес өкілдері арасындағы әріптестікке артылар сенім зор. Мерейлі той жылы біз түрлі саладағы ондаған ірі жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз» деп, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға көмектескен меценаттарға алғысын білдірді.

Қайырымдылық марафонының ресми басталуы кезінде мүмкіндігі шектеулі 15 адамға «Шипагер» сауықтыру орталығында емделуге жолдама берілді, сондай-ақ қиын жағдайға тап болған қала тұрғыны К.Мейрамғалидің отбасына 400 мың теңге көлеміндегі сертификат табыс етілді.

Шара соңында шаңғыдан жарыс ұйымдастырылып, оған мәслихат депутаттары, қоғамдық ұйым басшылары, еріктілер және спортшылар қатысты.

Елімізде «Қайырымды істер» марафонын өткізу туралы идеяны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқан болатын.

## СТАРТОВАЛ МАРАФОН ДОБРЫХ ДЕЛ

В Актюбинской области стартовал марафон «Добрые дела». Марафон посвящен 30-летию независимости страны. Открывая мероприятие, глава региона Ондасын Оразалин сказал: «Очень важно, чтобы в марафоне добрых дел приняли участие представители гражданского сектора и бизнес-сообщества, государственных структур и все активные граждане.

В юбилейный год мы планируем реализовать десятки крупных проектов в различных сферах», — сказал он, поблагодарив меценатов, помогавших многодетным и малообеспеченным семьям.

На официальном открытии благотворительного марафона получили путевки в санаторий «Шипагер» 15 человек с ограниченными возможностями, а также семья жителя города К. Мейрамгали, находящаяся в сложной ситуации, получила сертификат на сумму 400 тысяч тенге.

В завершении мероприятия была организована лыжная гонка, в которой приняли участие депутаты маслихатов, руководители общественных организаций, волонтеры и спортсмены. Идею проведения в стране марафона «Добрые дела» инициировал Президент Касым-Жомарт Кемелович Токаев.

## THE MARATHON OF GOOD DEEDS HAS STARTED

The «Good Deeds» marathon has started in Aktobe region. The marathon is dedicated to the 30th anniversary of the country's independence. Opening the event, the head of the region Ondasyn Orazalin said: "It is very important that representatives of the civil sector and the business community, government agencies and all active citizens take part in the marathon of good deeds. In the anniversary year, we plan to implement dozens of large projects in various fields, "he said and thanking the sponsors who helped large and needy families.

At the official opening of the charity marathon, 15 people with disabilities received vouchers to the Shipager sanatorium, and the family of a resident of the city K. Meyramgali, who is in a difficult situation, received a certificate in the amount of 400 thousand tenge. At the end of the event, a ski race was organized, in which deputies of maslikhats, heads of public organizations, volunteers and athletes took part. The idea of holding the Good Deeds marathon in the country was initiated by President Kassym-Jomart Kemelovich Tokayev.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

## КҮЙШІЛЕР ӨҢІРЛІК ЖОБАЛАРДЫ ӘЗІРЛЕУГЕ ҚАТЫСАДЫ

Ақтөбеде «Күйшілер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалы ашылып, жұмысын бастады. Оған Ғ.Жұбанова атындағы облыстық филармониясының А.Жұбанов атындағы қазақ ұлт аспаптар оркестрінің бас концертмейстері, белгілі күйші Талап Хамзин төрағалық етеді. Талап Хамзинге төрағалық куәлігін табыстау сәтінде Ақтөбе облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Алтынай Юнисова өңірдің мәдени дамуына Күйшілер одағының қосар үлесі зор болатынына сенім білдірді. Күйшілер одағы ақтөбелік күйшілердің басын қосып, қазақтың төл өнерін насихаттайтын орта болмақ. Сонымен қатар күйшілердің шығармашылық біліктілігін көтеріп, олардың өңірлік жобаларды жүзеге асыруға белсенділігін арттыратын шаңырағына айналмақ. Филиал облыстық халық шығармашылығы орталығы ғимаратында орналасқан.



## КУЙШИ УЧАСТВУЮТ В РЕАЛИЗАЦИИ РЕГИОНАЛЬНЫХ ПРОЕКТОВ

В Актобе открылся региональный филиал Республиканского общественного объединения «Союз Куйши». Его возглавит главный концертмейстер Казахского национального инструментального оркестра имени А.Жубанова при областной филармонии им. Г.Жубановой, известный куйши Талап Хамзин. В ходе вручения Талапу Хамзину удостоверения о председательстве, руководитель управления культуры, архивов и документации Алтынай Юнисова выразила уверенность, что вклад союза куйши в развитие культуры региона будет значительным. Союз Куйши объединит актюбинских музыкантов-куиши и будет популяризировать казахское творчество. Также куйши смогут вместе улучшать свои творческие способности и активизировать деятельность в реализации региональных проектов. Филиал расположен в здании областного центра народного творчества.

## KUISHI ARE INVOLVED IN THE IMPLEMENTATION OF REGIONAL PROJECTS

In Aktobe, a regional branch of the Republican Public Association «Union of Kuyshi» was opened. It will be headed by the chief accompanist of the Kazakh National Instrumental Orchestra named after A. Zhubanov at the Regional Philharmonic named after G. Zhubanova, famous kuishi Talap Khamzin. During the presentation of the certificate of chairmanship to Talap Khamzin, the head of the department of culture, archives and documentation Altynay Yunisova expressed confidence that the contribution of the Kuishi union to the development of the culture of the region would be significant. The Kuishi Union will unite Aktobe musicians-kuishi and will popularize Kazakh creativity. Also, the Kuishi will be able to work together to improve their creativity and intensify their activities in the implementation of regional projects. The branch is located in the building of the regional center of folk art.



## АЙМАҚТЫҢ БІРІНШІ ДӘРІГЕРІ ЖАЯУ ЖҮРЕДІ

Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Рүстем Исаев қызметтік көлігін Қарттар үйіне тарту етті. Көлік маркасы — «Toyota Camry 50». Машинаның техникалық жарамдылығы өте жақсы.

— Біріншіден, өзімнің жеке көлігім бар. Қажет кезде пайдалана аламын. Екіншіден, жұмыс орным мен үй арасы жақын. Жұмысқа жаяу келемін. Таза ауада жаяу жүрген пайдалы. Үш орынбасарым да өз көлігімен жүр, — дейді Рүстем Исаев.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылдың басында қызметтік көлікті қысқартуға тапсырма берген болатын. Көліктің күтімі мен жанар-жағармайына көп қаржы жұмсалады.

Қарттар үйінің қарамағындағы 3 УАЗ көлігі қарттардың кіріп, шығуына ыңғайсыз. Әсіресе олар науқастанып қалғанда емханаларға апаруға бұл көліктер қолайсыз еді. Сондықтан Рүстем Исаевтың тартуы дер кезінде жасалған игі іс болып тұр.

## ГЛАВНЫЙ ВРАЧ РЕГИОНА ХОДИТ ПЕШКОМ

Руководитель управления здравоохранения Актюбинской области Рустем Исаев передал Дому престарелых служебный транспорт. Марка автомобиля - «Toyota Camry 50». Машина находится в очень хорошем техническом состоянии.

«Во-первых, у меня есть личный автомобиль. При необходимости я могу использовать его. Во-вторых, расстояние между местом работы и домом очень близкое. Поэтому на работу хожу пешком. Полезно гулять на свежем воздухе. Все три моих заместителя также передвигаются на собственных автомобилях», - говорит Рустем Исаев.

В начале года Президент Касым-Жомарт Токаев поручил сократить количество служебных автомобилей. Много средств тратится на обслуживание машины и топливо.

3 машины УАЗ, принадлежащие Дому престарелых, неудобны для пожилых людей, особенно при транспортировке в поликлинику, когда подопечные заболевают. Поэтому подарок Рустема Исаева - своевременное доброе дело.

## THE HEAD PHYSICIAN OF THE REGION WALKS

Rustem Isaev, head of the health department of the Aktobe region, handed over official transport to the Nursing Home. Car brand - «Toyota Camry 50». The machine is in very good technical condition. «Firstly, I have a personal car. If necessary, I can use it. Secondly, the distance between my place of work and home is very close. Therefore, I go to work on foot. It is useful to walk in the fresh air. All three of my deputies also travel by own cars, «says Rustem Isaev.

At the beginning of the year, President Kassym-Jomart Tokayev ordered to reduce the number of official vehicles. A lot of money is spent on car maintenance and fuel.

3 UAZ cars belonging to the Nursing Home are inconvenient for the elderly, especially during transportation to the clinic when the wards fall ill. Therefore, Rustem Isaev's gift is a timely good deed.

## International cooperation

**В Zhubanov University прошла неделя «Казахстан и Польша: горизонты сотрудничества». Насыщенная на мероприятия пятидневка запомнилась знаковыми событиями. Открытие единственного в стране совместного с Польшей регионального центра обучения безопасности и спасения, проведение международного семинара по оказанию первой доврачебной помощи, вручение европейских дипломов, награждение медалей и благодарственных писем, выставки, встречи, интервью.**

**Совместная работа Zhubanov University с Университетом экономики города Быгдощ началась в 2013 году. Стартом крепких связей стало подписание меморандума в части развития науки и образования.**



# НА ВЕР
# СОТРУДН

### СВЯЗУЮЩАЯ ФИГУРА

Актобе встретил польскую делегацию снежной погодой и морозом. Несмотря на климатический дискомфорт, в Польше погода в феврале не опускается ниже 10 градусов тепла, иностранные специалисты смогли провести все запланированные мероприятия. На совместную международную неделю приехали научный сотрудник, профессор Витольд Ковальский, руководитель обучающей симуляционной лаборатории Ксения Верещак, научный сотрудник Института спорта физической культуры Университета Экономики в г. Быдгощ Татьяна Скалий. За годы сотрудничества 125 студентов-жубановцев по программе академической мобильности обучились в Университете экономики г.Быдгощ, прошли семинары и тренинги с очным участием профессоров из Польши по методикам высшего образования для преподавателей Zhubanov University. Главной фигурой, связующей все 8 лет два университета, является директор Института спорта и физической культуры, официальный представитель канцлера университета по международному сотрудничеству в Университете Экономики в г.Быдгощ Александр Скалий. Уникальная личность с высоким уровнем ответственности реализовывал несколько успешных проектов в нашем регионе и университете. Это программа оздоровления населения, курс теории и методики обучения плаванию, курс по грудничковому плаванию, электронное обучение студентов — спортсменов. Также содействовал в открытии при Университете экономики г.Быгдощ культурного центра «Qazaq eli». Ставший уже Почетным профессором Zhubanov University, Александр Скалий адаптирует новые проекты по сотрудничеству под казахстанского студента.




### ЖЕЛАННЫЕ ДИПЛОМЫ

Благодаря сотрудничеству двух ВУЗов активно реализуется программа двудипломного образования. Первые 6 студентов Zhubanov University, обучавшиеся в университете экономики г.Быдгощ Польши 4 года, в январе защитили дипломные работы перед европейской экзаменационной комиссией. По её итогам Кобеген Айдосулы, Ерен Ерболулы, Фридрих Зейбель, Аслан Бажиров, Александр Пашкин, Асет Ныгметов получили европейские дипломы по специальности «Физкультура и спорт - Менеджер спорта». Торжественное награждение прошло в рамках международной недели. Ребята последний год из-за пандемии учились online. Поэтому встреча с дорогими польскими наставниками была особенно счастливой. Курировавшие зарубежное обучение жубановцев Александр и Татьяна Скалий тоже были рады рады успехам студентов, по-родительски пожимали их руки, говорили искренние пожелания.

«Можно считать этот день историческим. Мы стали свидетелями огромной гордости студентов-обладателей европейских дипломов. Это достижение независимости, когда наши студенты могут с легкостью обучаться за рубежом, получать профессии», - сказал и.о. ректора Zhubanov University Рахым Бекназаров в ходе мероприятия.

### ПЕРВАЯ ПОМОЩЬ КАК ТРЕНД

Главным событием прошедшей недели сотрудничества стал старт работы Польско-казахского регионального центра обучения безопасности и спасения. Масштабный проект реализуется в рамках программы RITA. Заранее в Актобе было отправлено симуляционное оборудование. Дорогостоящие умные манекены необходимы для практики. А вот теорию для первых слушателей Центра провели специалисты из Польши в ходе семинара «Обучение сов-












# РШИНЕ

# ИЧЕСТВА

ременным методам по оказанию первой доврачебной помощи». Научится спасать захотели более 500 актюбинцев. Это школьники, учащиеся колледжей, студенты и преподаватели. Их уровень знаний по оказанию первой помощи оценили пре-тестом. Показатель составил 30%. Проверка навыков прошла и при работе с манекенами. Умные тренажеры сразу реагировали на неправильное выполнение реанимационных мероприятий и сами выставляли баллы за проведенную помощь. Основной спикер и тренер по практике профессор Витольд Ковальский, отметил что польские дети обучаются основам первой помощи еще в начальной школе. Уметь проводить сердечно-легочную реанимацию в Польше обязательно при трудоустройстве, получении водительских прав. «История оказания первой помощи уходит в 3000 год до нашей эры. Древние греки, японцы, египтяне применяли разные подручные методы для спасения умирающих - подвешивали на дереве, прокатывали на бревне, даже проводили трахеотомию. Более современные технологии начали внедрятся в 19 веке. А в 1960 году медицина начала широко применять сердечно-легочную реанимацию, которая была доступна только для врачей. И лишь в начале 2000х годов методам спасения обучались простые люди, в том числе и дети», - привел интересные факты профессор. Витольд Ковальский по профессии онкомаммолог. Спасать пациентов, в том числе на операционном столе, для него обыденное дело. В Казахстане он не впервые и наслышан от здешних коллег о дисциплинированности населения, особенно в вопросах прохождения онкоскринингов. «Три составляющих здоровья - прохождение ежегодных осмотров, регуляция массы тела и ведение здорового образа жизни. В условиях пандемии, конечно, очень важно еще и соблюдение всех карантинных мер. В Польше все научились соблюдать дистанцию, носить маски для нас закон. Наверное, поэтому наша медицина не испытывала коллапса, мы продолжали лечить и спасать жизни в привычном режиме с самого начала эпидемии», - рассказал спикер. Пройдя весь курс и отработав навыки на манекенах, актюбинские спасатели получили сертификаты. Их конечный уровень знаний составил 80%. Превратить в тренд обучение оказания первой доврачебной помощи планируют в Zhubanov University. Культуру спасения будут внедрять в разных коллективах.

В завершении недели «Казахстан и Польша: горизонты сотрудничества» стороны обсудили перспективы открытия филиала Института спорта и физической культуры Университета Экономики в г.Быдгощ в Актобе.

**Подготовила**
**Гульнара Караша**



☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news



## ТҰҢҒЫШ ТЕЛЕВИЗИЯ ДИКТОРЫ – 101 ЖАСТА

Қазақ телевизиясының тұңғыш дикторы Зұлқия Мұқанқызы Жұматова 20-ақпан күні 101 жасқа толды. Өткен жылы дикторлың жүзжылдық мерей тойы кең көлемде атап өтілді. «Бір ғұмыр — бір ғасыр» атты хабар түсірілді. БАҚ құралдары ғасыр-ғұмыр иесі жайлы жарыса жазды.

Зұлқия мұғалімдер отбасының тұңғышы. Әке-шешесінен ерте айырылып, 7 бауырын: алты қыз, бір ұлды өзі аяқтандырады. Сол жалғыз ұл – Ертай Әбілтаев, белгілі әнші, ҚР еңбек сіңірген қайраткері.

Жас келіншек 25 жасында күйеуі қайтыс болып, екі баламен жесір қалады. Екінші рет Ауыл шаруашылығы институтында көп жыл ректор болған Әубәкір Жұматовка тұрмысқа шығады. Ол кісінің екі баласын өзінің ұл-қызына қосып бағады. Сол жылдар өмірінің ең бақытты тұсы. Әубәкір көзі ашық, сабырлы, адамгершілікті, мақсатшыл, иманды азамат еді. Зұлқия одан тәрбие алып, осы қасиеттерді бойына сіңіреді. Қанмен дарыған ақындық қасиеті бар, шығармашылықпен айналысады, балаларға арналған өлең кітаптар жазады. Оның өлеңіне жазылған Бақытжан Байқадамовтың «Бөбегім» әні елге танымал. Кезінде Халық әртісі Жамал Омарова орындаған. 1958 жылы 35 жастағы Зұлқия телевидение ашылып, дикторлыққа байқау болып жатыр деген хабарландыруды есітіп, қызығып келеді. Бір орынға 750 үр сұлу таласқа түсіп жатқан екен. Арамдықтан бойы алыс келіншек көк жәшіктен өзін көргеніне таңырқап тұрғанда, жоғарыда пульт басында отырған Шәкен Айманов (атақты кинорежиссер) қандай өнері барын сұрайды. Ақындық өнері бар ол өзінің Абайға арнаған көпшумақты өлеңін оқып береді. Байқау комиссиясы орыс тілі деңгейін тексереді. Зұлқия қазақша оқыған өлеңінің орысша аудармасын оқиды. Өйткені ол орыс тіліне де зерек болатын. Осылайша ойда жоқта Қазақ телевизия тарихындағы тұңғыш диктор қызметіне қабылданады. Қасындағы Нелли Омарова екеуі күнделікті жаңалықтардан өзге, тақырыптық бағдарламалардың бәрін жүргізеді. Мәскеуге барған 10 күндік сапарын өмір бойы ұмытпапты. Ондағы телестудиядағы жасалған жағдайды көріп, бізде де сондай болса ғой деп армандаған. Бүгінгі қазақ телеарналарының дамып, өркениетті мәдениет ошағына айналғанына дән риза. Ол телевидениеде 1958-1970 жылдар аралығында қызмет етті. Басқа жұмысқа ауысуына сүйікті жары 49 жасында ерте қайтыс болып, асыраушысынан айырылуы себеп болды. Өйткені дикторлың айлығы аз. Күйеуінің соңынан ержетіп қалған ұлының кенеттен болған қазасы оны морт сындырған. Бұк түсіп жатып қалады. Басына түскен қайғыны көтеруге шамасы келмегенде иығынан сүйеген қызметтестерінің және сол жылдардағы қазақ интеллигенциясының жарқын өкілдерінен құралған достарының көмегі зор болыпты. Осылайша оның трагедияға толы ғасырдан ұзақ өмірінің сыры кейуананың айтуынша сабырда, тұрақтылықта, адалдықта, мейірбандықта. «Жас күнінде барлық адам жақсы, бәрі де біркелкі деп ойлайсың. Өсе келе байқасаң, дос та, дұшпан да бар екен. Бірақ оған ренжуге болмайды. Дұшпаныңды да дос қылуға тырысу керек», — дейді ол. 101-дегі Зұлқия Жұматова қызы Меруерттің қолында. Әлі күнге дейін газет-журналдар оқиды. Өзін бақытты санайды.

## ПЕРВОМУ ТЕЛЕВИЗИОННОМУ ДИКТОРУ 101 ГОД

Первому диктору казахстанского телевидения Зулькие Мукановне Жуматовой 20 февраля исполнился 101 год. В прошлом году широко отмечалось столетие телеведущей. Снята программа «Одна жизнь - один век». Зулкия - старшая в семье учителей. Она рано потеряла родителей, сиротами остались шесть дочерей и один сын. Единственный брат — Ертай Абильтаев, известный певец, заслуженный деятель Республики Казахстан.

В 25 лет Зулкия Мукановна осталась вдовой с двумя детьми. Во второй раз вышла замуж за Аубакира Жуматова, который много лет был ректором Сельскохозяйственного института. Она воспитала его двух детей вместе со своими сыном и дочерью. Это были самые счастливые годы её жизни. Аубакир был непредубежденным, спокойным, высоконравственным, целеустремленным и преданным человеком. Зулкия, обладая поэтическим талантом и творческими способностями, написала детские книги стихов. Написанная на её стихи «Бөбегім», песня Бахытжана Байкадамова широко известна среди народа. Ранее её исполняла народная артистка Жамал Омарова. В 1958 году 35-летняя Зулкия приняла участие в кастинге дикторов для первого в стране телевидения. Оказалось, что за одно место боролись 750 красавиц. Наблюдавший за удивлением увидевшей себя в синей коробке Зулкии, сверху из консоли Шакен Айманов (известный кинорежиссер) спросил, какое у нее искусство. Являясь поэтом, она прочитала свое длинное стихотворение-посвящение Абаю. Конкурсная комиссия хотела проверить уровень владения русского языка. Тогда Зулкия перевела на русский стихотворение, которое прочитала на казахском языке. Потому что она свободно говорила по-русски. Таким образом, она стала первым диктором в истории казахстанского телевидения. Она и её напарница Нелли Омарова, помимо ежедневных новостей, вели все тематические передачи. Очень запомнилась 10-дневная поездка в Москву, где увидев условия в телестудиях, мечтала, что у нас будет то же самое. Сейчас она рада, что сегодняшние казахстанские телеканалы развились и стали центром цивилизованной культуры. На телевидении она проработала с 1958 по 1970 год. Причиной перевода на другую работу стала ранняя смерть любимого мужа в возрасте 49 лет, потеря кормильца. У дикторов была низкая зарплата. Внезапная смерть сына сломала ее. Убитую горем, её поддержали коллеги и друзья, которые были ярчайшими представителями казахской интеллигенции тех лет. Таким образом, по словам долгожителя, секрет её долгой, полной трагедии жизни в терпении, честности и доброте. «Когда ты молод, думаешь, что все вокруг хорошие. Через годы, понимаешь, что у тебя есть друзья и враги. Но ты не должен обижаться. Тебе следует попытаться сделать своих врагов друзьями», - считает она. 101-летняя Зулькия Жуматова живет на попячении у дочери Меруерт. Она по-прежнему читает газеты и журналы. Чувствует себя счастливой.

## THE FIRST TV ANNOUNCER IS 101 YEARS OLD

The first announcer of Kazakhstani television, Zulkiya Mukanovna Zhumatova, turned 101 on February 20. Last year, the TV presenter’s centenary was widely celebrated. The

program «One Life - One Century» has been removed.

Zulkiya is the eldest in the family of teachers. She lost her parents early, six daughters and one son were left orphans. The only brother is Ertai Abiltayev, a famous singer, Honored Worker of the Republic of Kazakhstan.

At the age of 25, Zulkiya Mukanovna became a widow, remained a widow with two children. For the second time she married Aubakir Zhumatov, who for many years was the rector of the Agricultural Institute. She raised his two children along with her son and daughter. These were the happiest years of his life. Aubakir was an open-minded, calm, moral, purposeful and devoted person. Zulkiya, possessing poetic talent and creativity, wrote children's books of poetry. The song of Bakhytzhan Baikadamov, written on her poems «Bobegim», is widely known among the people. Previously, it was performed by People's Artist Zhamal Omarova.

In 1958, 35-year-old Zulkiya took part in the casting of announcers for the country's first television. It turned out that 750 beauties were fighting for one place. Observing the surprise of Zulkiya, who saw herself in a blue box, from above from the console Shaken Aimanov (a famous film director) asked what kind of art she had. As a poet, she read her long poem dedicated to Abai. The competition committee wanted to check the level of proficiency in the Russian language. Then Zulkiya translated into Russian a poem, which she read in Kazakh. Because she spoke fluent Russian. Thus, she became the first announcer in the history of Kazakhstani television. She and her partner Nelly Omarova, in addition to the daily news, hosted all the thematic programs. I remember very much the 10-day trip to Moscow, where, seeing the conditions in the television studios, I dreamed that we would have the same thing. Now she is glad that today's Kazakhstani TV channels have developed and become the center of civilized culture. She worked on television from 1958 to 1970. The reason for the transfer to another job was the early death of her beloved husband at the age of 49, the loss of a breadwinner. Because the announcers had a low salary. The sudden death of her son broke her. Heartbroken, she was supported by colleagues and friends, who were the brightest representatives of the Kazakh intelligentsia of those years. Thus, according to the centenarian, the secret of her long, tragic life is patience, honesty and kindness. "When you're young, you think everyone is good. Over the years, you realize that you have friends and enemies. But you shouldn't be offended. You should try to make your enemies friends, "she says. 101-year-old Zulkiya Zhumatova lives in the care of her daughter Meruert. She still reads newspapers and magazines. Feels happy.



## ТАНЫМАЛ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТ ДҮНИЕДЕН ОЗДЫ

Отандық телевизия ардагері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, танымал тележурналист Нұртілеу Иманғалиұлы 70 жасында ауыр науқастан қайтыс болды. Ол телевизия саласында өмірінің соңына дейін, 45 жыл жұмыс істеді. Осы жылдар ішінде Нұртілеу Иманғалиұлының қатысуымен түрлі бағытта 5000-ға жуық бағдарлама шығарылды. Оның 20-ы отандық журналистика қорына енді. Ол өзі құрметпен атайтын патша көңіл көрермен есінде хас шебер маман, харизмалы тележүргізуші, сезімтал жан ретінде қалды. Н.Иманғалиұлы «Қазақстан» ұлттық арнасындағы соңғы «Nur Tiley» авторлық жобасының үш жыл ішінде 70 шығарылымын эфирге шығарыпты. «Nur Tiley» хабары жайлы автор «Таңшолпан» таңғы бағдарламасына берген сұқбатында «Біреулер сен жайлы хабар деп жүр. Жоқ, мен жайлы емес. Бұл ел алдында жүрген азаматтардың пікірі жарысқа түсетін интеллектуалды сұқбат. Хабарда қазір жол айырығында тұрған қазақтың алдағы дара жолына, сара жолына жетелейтін идеялар жарысы болады деген үмітім бар. Бұл хабар — қазақтың ықыласы, ақ тілеуі, нұр тілеуі» деген еді.



## УМЕР ИЗВЕСТНЫЙ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТ

Ветеран отечественного телевидения, заслуженный деятель Казахстана, известный тележурналист Нуртилеу Имангалиевич скончался на 70-м году жизни от тяжелой болезни. Он отдал телевидению 45 лет и выходил в эфир до самого конца своей жизни.

За эти годы с участием Нуртилеу Имангалиевича было выпущено около 5000 программ по разным направлениям. 20 из них вошли в фонд отечественной журналистики. Запомнился зрителям как мастер, харизматичный телеведущий и чуткий человек.

Последние три года работал над авторским проектом «Nur Tiley» на национальном канале «Казахстана», подготовив к эфиру более 70 выпусков. В интервью в программе «Таңшолпан» автор «Nur Tiley» сказал: «Говорят, программа о тебе. Нет, не обо мне. Это интеллектуальное интервью, в котором мнение известных стране личностей вступают в некое соревнование. Я надеюсь, что оно даст развитие народу. Эта программа - добрые и светлые пожелания казахов».

## FAMOUS TV JOURNALIST DIED

Veteran of national television, Honored Worker of Kazakhstan, famous TV journalist Nurtileu Imangalievich died at the age of 70 from a serious illness. He devoted 45 years to television and went on the air until the very end of his life. Over the years, with the participation of Nurtileu Imangalievich, about 5000 programs were released in various directions. 20 of them entered the national journalism fund. He was remembered by the audience as a master, charismatic TV presenter and sensitive person.

For the last three years he worked on the author's project «Nur Tiley» on the national channel «Kazakhstan», having prepared more than 70 issues for air. In an interview on the «Tansholpan» program, the author of «Nur Tiley» said: «They say the program is about you. No, not about me. This is an intellectual interview in which the opinions of famous people in the country enter into a kind of competition. I hope that it will develop the people. This program is the kind and light wishes of the Kazakhs.

Anniversary

# ӨМІРІМ МЕНІҢ ЖАЙДАРЫ




**Zhubanov University «Педагогика, психология және бастауышта оқыту» кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, маман тәрбиелеу саласында 25 жыл бойы үздіксіз еңбек етіп келе жатқан Әділшинова Зина Үсейінғазықызын әріптестері мен шәкірттері мерейлі 50 жасымен құттықтап, ыстық лебіздерін арнады. Ай көрікті әдемі ұстаздың айналасы ықылас гүлдеріне толды. Мерейлі жасын үлкен абыроймен қарсы алған ғалым-ұстаз 4 оқу-әдістемелік, 4 әдістемелік құралын, 2 монография, 80-тан астам ғылыми мақала жазған.**

**Жайсаң жанның өмірі жайлы естеліктерін тыңдаған журналист Гүлнара Қараша.**

«Балалық шағым Шалқар ауданы Қаратоғай елді мекенінде өтті. Әкем Үсейінғазы жұртшылыққа танымал, ел басқарған азамат. Ғұмыры қысқа болып, 53 жасында дүниеден озды. Сол келте өмірінде бар тағылымын беріп үлгеріпті. Білімге, ғылымға жастайымыздан үйірсектеуіміз, кітапқұмарлығымыз, өнерге жақындығымыз – бәрі әкеден дарыған қасиет. Ол бізге әрдайым көңіл бөлді, білім-өнерге баулыды. Каникул кезінде ылғи Алматыға жіберіп, біздің үлкен қала мәдениетіне ерте бойлауымызға жағдай жасады. Үйде үлкен кітапхана бар, әкем оны қасиетті орын санап, шашылып кетпей, сақталуын қатты қадағалаушы еді. Жиі кітап сатып алып, толықтырып жүретін. Домбыра шертуге де үйретті.

Анамыз үй шаруасына қарады. 80 жыл өмір сүріп, шөбере сүйіп кетті. Кіндіктен 4 қыз, 1 ұлмыз. Бәріміз де жоғары білім алдық. Үлкеніміз Манатпен өмірлік кәсібіміз бір. Ол да педагогика саласында қызмет жасайды. Ғылым кандидаты, дефектолог-логопед. Жездем Темірболат та осы педагогика саласында қызмет ете жүріп, менің өміріме, жеке тұлға болып қалыптасуыма үлкен әсер берді.

Ұстаздық және ғалымдық жолымда үлгі тұтқан тағы бір жан — әкемнің ағасы, профессор, академик Ниеталин Жақсылық. Ол кісі Орталық Азия мен Қазақстаннан байланыс және телекоммуникация саласы бойынша шыққан тұңғыш ғалым саналады. 31 томнан тұратын электротехника, коммуникация терминологиялық сөздігінің авторы. Техника саласына талай ғалым дайындап, тәрбиелеген ұстаз.

Мен өзім егіздің сыңарымын, Дина менен ірілеу болды, сондықтан үнемі қамқор болып, мектепке сөмкемді көтеріп апарып, көтеріп қайтатын. Сосын ба алаңсыз жүретінмін, күлегеш мінезім бартын. Жөнсіз шықылықтағанды мұғалімдер ұната бермейді. Бір қызығы мен күлемін, ал ескертуді Дина алатын. Өйткені сыңарым ғой, дауысымыз ұқсас.

Тәрбие әкенің қаны, ананың сүтімен дариды. Олар қандай жандар болса, балалары да сондай болады. Мен әке-шешемнің асыл текті болғанын мақтаныш етемін. Жоғары оқу орнына түсуім Шәкәрім атындағы Семей педагогикалық институтынан басталып, Алматы қаласындағы Қыздар мемлекеттік педагогикалық институтында жалғасты. «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша аяқтадым. Белгілі тұлғалар С.Исаевтан, С.Негимовтан, С.Қасқабасовтан білім алғанымды бақыт санаймын.

Студент кезімнен Алматы қаласындағы мектептерде сабақ бердім. Себебі ол кезде, 90-жылдары мұғалімдер жетіспеді.

Бос уақытымда суда жүзгенді ұнатамын, тағы бірнеше хоббиім



бар. Косметология саласында ұлу терапиясымен айналысамын, ағылшын тілін үйренемін. Жарым Темірбек мұнай саласының маманы, екі ұл, бір қыз тәрбиелеп отырмыз. Тұңғышымыз Сержан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Ядролық физика» мамандығын және «Заңгер» мамандығын бітіріп, қазір мемлекеттік қызметкер, екінші ұлымыз Шерхан С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығын биыл аяқтайды, ал қызымыз Аружан да мектепті тәмамдағалы отыр. Полиглоттық қасиеті бар, 5 тілде сөйлей алады.

Үлкен әулеттің үлкен келінімін. Ата мен әжеміз бар. Көп жерлерде, келін түсіргенде, «Саған ұқсасын» деп ырымдап жатады. Сондықтан өзімді бақытты келін санаймын.

Көптеген ұстаздық орталарда еңбек етіп, тәжірибе жинақтадым. Ақтөбе қаласындағы 21-ші қазақ орта мектебінде және мамандандырылған физика-математика мектеп-интернатында сабақ бердім.

2005 жылы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтына, «Бастауышта оқыту теориясы мен технологиясы» кафедрасына жұмысқа қабылдандым.

2008 жылы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде кредиттік технология бойынша алғаш барып, курс жүргізіп, офис-регистратор бөлімінің басшысы, оқу бөлімінің басшысы қызметтерінде болдым.

2009 жылы «Қазіргі мектеп оқушыларының кәсіби құндылық бағдарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбында кандидаттық диссертациямды қорғадым. 2010-2018 жылдар аралығында осы білім шаңырағында кафедра меңгерушісі қызметін атқардым.

Бүгінде университеттегі оқытушылық міндетімнен бөлек, тренер ретінде қала және аудан мұғалімдеріне педагогика, психология мәселелеріне байланысты тренингтер өткіземін. «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталықпен тығыз жұмыс жасап, бастауыш сынып оқулықтарын талдаудан өткізуге үлес қосудамын.

50 деген кемел жас қой, өмірден түйгенім, бақытты болу үшін сыртқа алаңдай берудің керегі жоқ, бай болсам, патша болсам екен деп зорығуға да болмайды. Бақыт — жүректің тыныштығы. Отбасындағы үйлесімге ұмтылу, ұнайтын, нәтиже беретін кәсіппен айналысу. Адам өзіне сын көзбен қарап, өз-өзіне бағына білсе, өз шешімдеріне баға бере алса, сонда өмір де жайдары. Осыны ұққаннан болар өмірім менің жайдары».

## ☑ Main news

### ӘЛЕМ ЕСТІГЕН «ҚАРАҒЫМ-АЙ» ӘНІ

Димаш Құдайбергеновтің орындауында әлем естіген «Қарағым-ай» әнінің авторы Шөмішбай Сариев өмірден озды. Бұл ән талай жаралы жүрекке дәрумендей әсер еткен. Украиналық әлеуметтік желі қолданушы Евгения Maestro «Қарағым-ай» әні туралы: Қарағым-ай… Фортепианоның сүйемелдеуіндегі жеңіл де әдемі кіріспе мені өз құшағына бірден алып, әлдебір әлемге сүңгітіп жіберді. Менің көз алдымнан ұшы-қиыры жоқ қазақтың маң даласы, асқаралы таулары, мөлдір көлдері өтіп жатты…



Жараларым қанша ауыр болса да тыңдай бердім… Бұл ДАУЫС ИЕСІ менің қайғымды, жан сырымды қайдан біледі? Мен, тіпті, бұл тілдің бір ауыз сөзін де түсінбеймін ғой. Неліктен мен осынау ғажап әннің тарихын білетін секілдімін?

Бұл ән – менің жүрегімді ауыртып қана қойған жоқ, жүрегімдегі жан жарасын емдеді. Жүрегімдегі құлағы қатты бұралып тұрған нәзік шекті босатқан да – осы ән, — деп жазды.

«Қарағым-ай» әні қазақ халқының ұлттық болмысын, мұң-шерін арқалаған, ел көңілінен шыққан танымал шығарма. Оны алдымен қоңыр дауысымен көрерменге жеткізген Нұрлан Өнербаев.

«Қарағым-айдың» алдымен музыкасы, сосын сөзі жазылған. 19 жасында дүниеден ерте кеткен әпкесі мен оның артынша көз жұмған әкесінің қайғылы тағдырына ән арнаған композитор Кеңес Дүйсекеевтің жан сырын ұғып, өлең шумақтарын өрген Шөмішбай Сариев болатын. Оның 300-ден астам өлеңіне музыка жазылған. Ақын 75 жасқа қараған шағында ауыр сырқаттан көз жұмды. Шөмішбай Сариевтің көптеген жоғары дәрежелі мемлекеттік наградалары бар. Оның отбасына Елбасы Н.Назарбаев пен ҚР Президенті Қ.-Ж.Тоқаев көңіл айтып, жеделхат жолдады.

### ПЕСНЯ «КАРАҒЫМ-АЙ» УСЛЫШАНА МИРОМ

Не стало автора текста всемирно известной песни «Карағым-ай» Шомишбая Сариева, которую исполнил Димаш Кудайберген. Об исцеляющей сердечные раны песне написала пользователь украинской социальной сети Евгения Маэстро: «Карағым-ай…

Легкое и красивое вступление к фортепианному сопровождению сразу взяло меня в свои объятия и погрузило в какой-то другой мир. Видела бескрайние казахские степи, величественные горы, чистые озера… Какими бы сильными ни были мои раны, я продолжала слушать… Откуда этот голос знает мои печали и секреты? Я даже не знаю ни слова на этом языке. Почему мне кажется, что я знаю историю этой удивительной песни?

Эта песня залечила раны в моем сердце».

Песня «Карағым-ай» — популярное произведение казахского народа, несущее в себе национальную самобытность. Первым исполнителем стал Нурлан Онербаев. Сначала была написана музыка «Карағым-ай», а потом текст. Именно Шомишбай Сариев понял душевные раны композитора Кенеса Дуйсекеева, воспевшего трагическую судьбу своей сестры, покинувшей этот мир так рано, всего в 19 лет, и ушедшего за ней отца.

К более чем 300 стихам поэта написана музыка. Шомишбай Сариев скончался от тяжелой болезни в возрасте 75 лет. Ему присвоено множество высоких государственных наград. Елбасы Нурсултан Назарбаев и Президент К.Ж.Токаев направили соболезнования его семье.

### THE SONG «KARAGYM-AI» IS HEARD BY THE WORLD

The author of the text of the world famous song «Karagym-ai» Shomishbay Sariev, which was performed by Dimash Kudaibergen, has passed away. A user of the Ukrainian social network Evgeniya Maestro wrote about the song that heals heart wounds: «Karagym-ai ... The light and beautiful introduction to the piano accompaniment immediately took me into its arms and plunged me into some other world. I saw endless Kazakh steppes, majestic mountains, clear lakes ... No matter how strong my wounds were, I continued to listen ... How does this voice know my sorrows and secrets? I don't even know a word in this language. Why does it seem to me that I know the history of this amazing song? This song healed the wounds in my heart.

The song «Karagym-ai» is a popular work of the Kazakh people, bearing in itself national identity. The first performer was Nurlan Onerbaev. First, the music of «Karagym-ai» was written, and then the text. It was Shomishbai Sariev who understood the emotional wounds of the composer Kenes Duisekeev. He sang the tragic fate of his sister, who died at only 19 years old. And her father died after her.

Music has been written for more than 300 poems of the poet. Shomishbai Sariev died of a serious illness at the age of 75. He has been awarded many high state awards. Elbasy Nursultan Nazarbayev and President K. Zh. Tokayev sent condolences to his family.



# ☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news




## ЖАМБЫЛ ЕСІМІ ЖЫЛ БОЙЫ ҚҰРМЕТТЕЛЕДІ

Қазақстанда жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығын ресми мерекелеу басталды. Осыған дейін мерейтойды өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында іс-шаралардың жалпы республикалық жоспары бекітілген болатын. Онда еліміз бойынша 500-ден астам әлеуметтік-мәдени, ағартушылық, ғылыми және білім беру жобалары іске асады деп көрсетілген. Соның ішінде ең тағылымдысы «100 жыл жырлаған жүрек» атты жылжымалы көрме ұйымдастырылып, қалың көпшілікке ақынның асыл мұраларын насихаттап, музейіндегі экспонаттар таныстырылады. Жамбыл Жабаев 1846 жылы 28-ақпанда қазіргі Жамбыл облысы, Жамбыл тауының етегіне қонған ауылда дүниеге келген. Ақындық таланты анасы Ұлданнан дарыған. «Менің пірім - Сүйінбай...» деп өзі жырға қосқан Сүйінбай Аронұлынан тәлім-тәрбие алған. Ж.Жабаевтың үздік шығармалары 40-тан астам шет тілдеріне аударылды. Осылайша жыраудың жырлары арқылы қазақ халқын әлем таныды.

Ромен Роллан, Мартин Андерсен, Нексе, Катарина Сусанна Причард сияқты атақты көркемсөз суреткерлері Жамбылдың поэзиясын жоғары бағалады.

1941 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. 1-ші сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, КСРО және Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі болды.

Жамбылдың есімі Қазақстанның бір облысына, бірнеше аудандарға, бірқатар елді мекендерге, мекемелер мен оқу орындарына, өнер ордаларына, мектептерге, көшелерге берілген.

## ИМЯ ЖАМБЫЛА БУДУТ ЧЕСТВОВАТЬ КРУГЛЫЙ ГОД

В Казахстане стартовало официальное празднование 175-летия поэта Жамбыла Жабаева. Ранее на заседании госкомиссии, посвященному юбилею, был утвержден общегосударственный план мероприятий. Согласно плану по стране будет реализовано более 500 социально-культурных, просветительских, научных и образовательных проектов. Самая поучительная из них — передвижная выставка «100 жыл жырлаған жүрек», которая будет способствовать популяризации благородного наследия поэта и представит экспонаты музея.



Жамбыл Жабаев родился 28 февраля 1846 года в селе у подножия горы Жамбыл, ныне Жамбылской области. Его поэтический талант исходил от матери Улдан. Его наставником был Суюнбай Аронулы, которому он воспевал «Мой идеал - Суюнбай ...». Лучшие произведения Жабаева переведены более чем на 40 иностранных языков. Так, через песни жырау мир узнал казахский народ.

Известные писатели Ромен Роллан, Мартин Андерсен, Нексе, Катарина Сусанна Причард высоко оценили поэзию Жамбыла. В 1941 году ему была присуждена Государственная премия СССР. Жабаев был избран депутатом Верховного Совета Казахской ССР, членом Союза писателей СССР и Казахстана. Именем Жамбыла названы область Казахстана, несколько районов, ряд населенных пунктов, учреждений и учебных заведений, художественных центров, школ и улиц.

## THE NAME OF ZHAMBYL WILL BE HONORED ALL YEAR ROUND

The official celebration of the 175th anniversary of the poet Zhambyl Zhabayev has started in Kazakhstan. Earlier, at a meeting of the state commission dedicated to the anniversary, a nationwide action plan was approved. According to the plan, over 500 socio-cultural, educational, scientific and educational projects will be implemented throughout the country. The most instructive of them is the traveling exhibition «100 zhyl zhyrlagan zhurek», which will promote the popularization of the poet's noble heritage and will present the exhibits of the museum.

Zhambyl Zhabayev was born on February 28, 1846 in a village at the foot of Mount Zhambyl, now the Zhambyl region. His poetic talent came from Uldan's mother. His mentor was Suyunbai Aronuly, to whom he sang «My ideal is Suyunbai ...». The best works of Zhabayev have been translated into more than 40 foreign languages. So, through the songs of zhyrau, the world got to know the Kazakh people. Famous writers Romain Rolland, Martin Andersen, Nekse, Katarina Susanna Prichard highly appreciated Zhambyl's poetry. In 1941 he was awarded the USSR State Prize. Zhabayev was elected a deputy of the Supreme Soviet of the Kazakh SSR, a member of the Writers' Union of the USSR and Kazakhstan. The region of Kazakhstan, several districts, a number of settlements, institutions and educational institutions, art centers, schools and streets are named after Zhambyl.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

## ЗАҒИПТАРҒА АРНАЛҒАН БАҒЫТТАУШЫ РОБОТ

Zhubanov University стартапшылары зағип жандарға арналған бағыттаушы робот құрастырды. Физика-математика факультетінің оқытушысы Асхат Раманқұлов шәкірттерімен бірге зағиптардың таяғын алмастыратын бағыттаушы робот технологиясын жасаумен 3 ай айналысты. Нәтижесінде қалтаға салып жүруге ыңғайлы, жеңіл, қолдануға қолайлы құрал болып шықты. Университеттің Кәсіпкерлікті дамыту орталығының жетекшісі Гүлназ Насамбаеваның айтуынша стартапшыларды әлеуметтік маңызды бағыттар көбірек қызықтырады. — Көруі нашар және зағип жандарға арналған құрал да осындай ізгі ойдан басталған іс болатын. Бағыттаушы робот «Ақтөбе облыстық зағиптар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Дәметкен Жолмағамбетоваға сынақтан өткізу үшін 1 айға тапсырылды. Сынақ сәтті өтсе жобаға қаржылай демеу болатын меценаттар іздестіреміз. Сондай-ақ дизайнына сәл өзгерістер енгізілуі мүмкін», — дейді ол.

Әрине, жұбановшы-стартапшылардың ойлап тапқан құралына ұқсас қондырғылар қолданыста бұрыннан бар. Бірақ барша зағиптардың оны сатып алуға мүмкіндіктері аз. Сондықтан аймақ аумағында цифрлық құралдың жасалып, пайдалануға берілуінің әлеуметтік маңызы зор болмақ. Бағыттаушы робот сынақтан өтіп жатқан зағиптар қоғамының оқу-өндірістік кәсіпорынында 23 мүгедек жұмыс істейді. Олар бұйымдар тігумен және қағаз пакеттер жасаумен айналысады.



Жаңа бағыттаушы робот тоқ желісімен қуатталады, ол бір аптаға жетеді. Бір метр жердегі кедергіні анықтап, сигнал береді. Тіпті шалшық суға да белгі жіберіледі. Құрылғыға тестілеу аяқталған соң оның кем-кетігі түзетіліп, өндіріске шығуына жағдайлар қарастырылатын болады.

## РОБОТ-ГИД ДЛЯ НЕЗРЯЧИХ

Стартаперы Zhubanov University разработали робот-поводырь для слепых. Преподаватель физико-математического факультета Асхат Раманкулов в течение 3 месяцев работал со своими студентами над разработкой технологии робота-гида, заменяющего трость незрячих. В результате получился удобный, легкий и простой в использовании инструмент.



По словам руководителя Центра развития предпринимательства университета Гульназ Насамбаевой, стартаперов больше интересуют социально значимые сферы. «Аппарат для слабовидящих и незрячих стал хорошей идеей. Робот-гид передан на тестирование председателю Актюбинского областного общества слепых Даметкен Жолмагамбетовой на 1 месяц. В случае успешного прохождения теста мы будем искать меценатов, которые окажут финансовую поддержку проекту. Также могут быть внесены некоторые изменения в дизайн», - сказал она.

Подобные устройства, изобретенные жубановскими стартаперами, уже давно используются. Но не все незрячие могут себе это позволить. Поэтому разработка и ввод в эксплуатацию цифровых устройств в регионе будет иметь большое социальное значение. На учебно-производственном предприятии общества слепых, где проходят испытания робота-поводыря, работают 23 инвалида. Они шьют разные изделия и делают бумажные пакеты.

Новый робот-маршрутизатор заряжается через электросеть. Питания хватает на неделю. На расстоянии одного метра он обнаруживает препятствие и подает сигнал. Обозначены даже лужи. После завершения испытаний устройства будут устранены его дефекты и рассмотрены условия ввода в эксплуатацию.

## ROBOT GUIDE FOR THE BLIND

Zhubanov University startups have developed a guide robot for the blind. Askhat Ramankulov, a teacher at the Faculty of Physics and Mathematics, worked with his students for 3 months on the development of a robot-guide technology that replaces the cane of the blind. The result is a handy, lightweight and easy-to-use tool. According to the head of the Center for the Development of Entrepreneurship of the University, Gulnaz Nasambayeva, startups are more interested in socially significant areas. «The device for the visually impaired and the blind has become a good idea. The robot-guide has been submitted for testing to the chairman of the Aktobe Regional Society of the Blind, Dametken Zholmagambetova for 1 month. If the test is successful, we will look for patrons who will financially support the project. design, «she said.

Such devices, invented by Zhubanov startups, have been used for a long time. But not all blind people can afford it. Therefore, the development and commissioning of digital devices in the region will be of great social importance. At the educational and production enterprise of the society of the blind, where the robot-guide is being tested, 23 disabled people work. They sew different products and make paper bags. The new robot router is charged via the power grid. Meals are enough for a week. At a distance of one meter, it detects an obstacle and gives a signal. Even puddles are indicated. After completing the tests of the device, its defects will be eliminated and the conditions for its commissioning will be considered.

**Жаңалықтарды дайындаған**
**Айерке Сұлтанбекова**

# Қалампырдың қасиеттері



1. Күн сайын 2 дана шайнап жүрсеңіз созылмалы ангинадан құтыласыз.

2. Тамағыңыз ауырған кезде шайнасаңыз ауру басылады.

3. Тамақтанудан 30 минут бұрын бірнеше бөліп шайнасаңыз ішектің ақ құрттарын 2 күн ішінде өлтіреді.

4. Қалампырдың әрбір шоқтарының құрамында 20% эвгенол, кариофиллен және иланген сияқты хош иісті эфир майы бар. Сондықтан оның ақ құрттардан басқа ағзадағы инфекциялық бактерияларды (стафилококк, туберкулез) өлтіру қабілеті де бар.

5.Ауыз қуысының қабынуын емдейді. Сағыздың орнына шайнау стоматит, периодонтит және гингивит ауруларын емдейді. Ауызды жуатын кез-келген заттан артық жағымсыз иісті басады және қайтадан иісті болдырмаудың ең арзан әдісі — қалампырды шайнау.

6.Эвгенолдың құрамы қатерлі ісікті тоқтатуға және оның қайталануын болдырмауға көмектеседі. Бұл арнайы сынақтармен дәлелденген және тұқым қуалайтын қатерлі ісікке шалдығу қаупі бар адамдарға оны алдын-алу үшін үнемі қолданып отыруға кеңес беріледі.

7.Төмен қысымды жоғарылатуға қызмет етеді. Екі данасын шайнау бір кесе кофе ішкенмен тең. Қан қысымының төмендеуінен болатын шаршағыштықты, бас айналуды және бас ауруын басады. Бұл екі тал қалампыр энергияны қалпына келтіреді және дененің қорғаныс қабілетін арттырады

8.Бұл хош иісті дәмдеуіштің құрамындағы В дәрумені ұйқысыздықты жойып, тыныштандыратын әсері бар.

9.Шайдың хош иісін, дәмін және жылу сапасын арттыру үшін оның 1-2 талын үнемі бір шәйнек сүтті шайға қосып ішіңіздер.

Егер сіз оны отбасымен қолданғыңыз келсе: түнде ұйықтар алдында молырақ бір кесе сүтке сары май, ас содасы, 1 ас қасық арпа талқанымен араластырып 1 тал қалампыр қосып, дәмін шығарып ішіңіздер. Таңертең керемет демалып оянасыздар.

Қалампырдың сапасын тексергіңіз келсе, оны кеседегі суға қатты лақтырған кезде тігінен жоғары қалқып кетсе немесе ыдыстың түбінде тігінен тұрса, бұл эфир майы әлі де бүтін және емдік қасиетін жоғалтпағанын білдіреді. Ал көлденең қалқып тұрса эфир майының буланғанын және терапиялық мәнін жоғалтқанын көрсетеді.

**ТЫЙЫМ:**

— Егер өсімдікке аллергияңыз болса,

— Сүт тістері түспеген, немесе тісі енді шығып жатқан сәбиге беруге,

— Қан қысымы өте жоғары адамдарға қолдануға болмайды.

**Орысша мәтіннен аударған**
**Амантай Тойшыбайұлы**
**Facebook парақшасынан алынды**


**Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.**

**Газет айына бір рет шығады**

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

**Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті**

**Меншік иесі:**
ҚР БжҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**Басқарма төрағасы-ректор м.а Рахым Бекназаров**

**Бас редактор**
Гүлнара Қараша

**Аудармашы**
Айерке Сұлтанбекова

**Дизайнер:**
Айгерім Нуршина

**Фотограф:**
Есет Саргузин

**Редакцияның мекенжайы:**
030000, Ақтөбе қаласы, Гришин көшесі, 7 «А» 337 бөлме

**E-mail:**
**gazetaZhU@mail.ru**
**Сайт: www.arsu.kz**

**Facebook:** ZhU oblystyq gazeti

**Таралымы: 5000 дана**

**Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды**